

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

Нұсқау: Оқу сауаттылығы бойынша 3 мәтін және олардың мазмұны бойынша құрастырылған бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі.

1-мәтін

Атқа міну мәдениеті

1. Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдесіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады.

2. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айырықша элементі. Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі.

3. Әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз. Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша, кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды. Бұл салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Дала тұрғындары теріден, киізден, кендір мен жүннен, кенептен шалбар тікті. Содан бері мыңдаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгере қоймады.

4. Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге, шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді.

5. Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті. Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көбембұзарға айналды.

Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық – қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі –

ерекше белгісі. Бұл қару ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды. Сарбаз бен оның мінген атын қорғауға арналған сауытты да алғаш рет біздің бабаларымыз жасаған. Еуразия көшпенділерінің айырықша маңызды әскери жаңалығына баланған мұздай темір құрсанған атты әскер осылайша пайда болды.

1. Мәтіннің мақсатты аудиториясы
 - A) тарихшылар
 - B) оқушылар
 - C) көпшілік
 - D) журналистер
2. 3-азатжолға лайықты тақырып
 - A) Соғыс құралы
 - B) «Ботай» қонысы
 - C) Ерекше эмблема
 - D) Ықшам киім үлгісі
3. Атқа міну мәдениетінің қалыптасу себебі
 - A) жылқының қолға үйретілуі
 - B) батырлар эмблемасының болуы
 - C) қазба байлықтарының табылуы
 - D) киім үлгісінің жасалуы
4. Салт аттылар дәуіріне көрсетілген құрмет
 - A) қазба жұмыстарының солтүстіктен табылуы
 - B) жауынгердің ықшам киімі
 - C) қозғалтқыш қуатының ат күшімен өлшенуі
 - D) батырлар заманының эмблемасы
5. Ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап табудағы мақсат
 - A) керемет шабу үшін
 - B) ат құлағында ойнау үшін
 - C) сән-салтанатын арттыру үшін
 - D) атқа еркін мініп жүру үшін

2-мәтін

Көл беті қатып, қабыршықтанғанда қала тұрғындарының көбі балық аулауға кіріседі. Олардың арасында осы кәсіпті отбасымен серік қылғандар да бар. Көкшетаулық Кәрімовтер отбасы 5 жылға жуық балық аулап келеді. Ең алғашында үйдің отағасы Рахат бұл кәсіппен хобби ретінде айналысқан. Кейіннен оның жұбайы да балық аулауға қызығушылық танытып, бүгінде осы істі отбасылық кәсіпке айналдырған. Балықшылар жылдың екі мезгілінде қармақтарын қамдайды. Көктем мен қыстың алғашқы аязын күтеді. Балыққа қажетті құрал-жабдықтар жетерлік. Жетпегенін өздері қолдан жасайды.

«Біз балыққа қажет сәмкелер мен жылы төсеніштерді өзіміз тігеміз. Себебі бүгінде балық аулауға мұндай дүниелер дүкендерде жоқтың қасы. Сондай-ақ, дайын күркелер сатып алған кезде, мұзға төсейтін жылы төсеніштер болмайды. Онсыз қыста балыққа шықсаң, табаннан сыз өтеді. Міне, сондай төсеніштерді де тігеміз. Бүгінде «кәсіптерін нәсіп еткен» жанұя алдағы уақытта бұл жұмыстарын кеңейтуді көздейді. Балыққа шығу, ең алдымен, денсаулыққа пайдалы, күйзелістен арылтады. Тыныс алу жүйелерін дұрыстайды. Көп жандар «Мұз үсті суық, ауырып қалу қаупі бар», – деп жатады. Бірақ қазіргі біздің мүмкіншіліктерімізбен оған жол бермеуге болады деп есептеймін», – дейді балықшы.

Бүгінде бұл отбасы осы тауарларды саудаға да шығарған. Оған сұраныстың да жоғары екенін айтады. Сондай-ақ, балықшылар отбасы әр демалыста балыққа шығуды әдетке айналдырған. Сонымен қатар, үйдегі балаларын да осыған баулып жүр. Денсаулыққа пайдалы іске ұмтылған отбасының осы ісі көпке үлгі болары даусыз.

6. Балықшы отбасының алдағы мақсаты

- A) ауланатын балық санын көбейту
- B) балық аулауға елді үйрету
- C) балық аулау кәсібін насихаттау
- D) отбасылық кәсіпті кеңейту

7. Мәтіннің жанры

- A) мақала
- B) фелетон
- C) әңгіме
- D) эссе

8. Мәтін мазмұны бойынша балық аулау басталатын мезгіл

- A) көктем, жаз
- B) күз, қыс
- C) жаз, қыс
- D) қыс, көктем

9. Мәтін мазмұнына сәйкес келетін тақырып

- A) Балықшылар пайдасы
- B) Балық аулау
- C) Балықшылар отбасы
- D) Балық шарушылығы

10. Мәтін мазмұнындағы ой реттілігі

- 1. Балық аулауға балаларын баулу
- 2. Балық аулауды кәсіп еткен отбасы
- 3. Балық аулаудың тигізер пайдасы
- 4. Балық аулау құралдарын тігу

- A) 2.4.3.1
- B) 1.3.2.4
- C) 2.3.1.4
- D) 3.1.4.2

3-мәтін

1. Психоаналитиктің айтуынша, отбасында баланың іс-әрекетінің дұрыс-бұрыстығын айтып, оны түсіндіріп беруші адам – әже. Сондықтан үйде ата-әжемен сөз таластыруға болмайды.

– Менің бала кезімде әжем қонақтан келгенде әкелген базарлығын беріп жатып, оны қайдан, не мақсатпен әкелген себебін түсіндіріп айтатын. Жеті нанның бір үзімін берсе де, қай үйде, не үшін құран оқылғанын, кімдердің жиналғанын, қандай ырыммен алып келгенін айтуға ерінбейтін. Бірде маған қонақтан бөлінген құрт әкеліпті. Мен әжеме ренжіп: "Әже, немене бүтін құрт жоқ па екен?" – дедім. Ол кісі "Балам, ол құртты мен бір жасы үлкен кісіден алдым. Үлкендер құртты тістеп бермейді. Өйткені тістері жоқ. Сондықтан бөліп береді. Ол кісі өмірінің жамандығын алып қалып, тек жақсы жақтарын берсін деп ырымдап, бөлінген құрттың екінші жартысын әдейі алып қалды", – деді. Мен сондай тәрбиені көріп өскендіктен немереме де ұлттық тәрбие беруге тырысамын.

2. Тіпті қалалы жерде тұрса да әжелерімізге немересінің бойына ұлттық тәрбиені сіңіруіне еш кедергі жоқ екеніне көзім жетті. Жақында біздің көп қабатты үйдің ауласында үстіне камзол киіп, басына орамал таққан жасы 60-тар шамасындағы әже далаға он жасар немересін ертіп шықты. Сосын қалтасынан асықтарды шығарып, өзге балаларды шақырып алып, ойын тәртібін түсіндірді. Ерінбей үш-төрт сағат бойы балаларға асық ойнауды үйретті. Он күндей уақыт өткенде балалар бір-біріне үйретіп, ойын шартын бұзбай ойнайтын болды. Мұнда бір ғана асық ойыны әр үйдің ерке баласын тәртіпке, бөлісуге, топпен ойнауға, ережеге бағынуға үйретті. Дәл қазіргі кезеңдегі ата-ананың бір кемшілігі – баланы жауапкершілікке үйретпейді, – дейді психоаналитиктер.

3. Бұрын әжелеріміз балаларын "ботам", "ботақаным", "қоңыр қозым", "құлыншағым" деп еркелетсе, "батырым", "ақылдым", "үмітім", "болашағым" деп арқаландырып отырса, бүгінде "лапочка моя", "зайчонок", "котенок" деп мысыққа да, күшікке де теңей салады. Бұл қазақ табиғатына жат теңеулер ғой. Бала тәрбиесінде мұндай рухани құлдырауға жол беруге болмайды, – дейді психоаналитиктер.

4. Осы күнгі балаға Алпамыс пен Қобыланды сынды батырлар жырын, Таусоғар мен Толағай туралы ертегінің майын тамызып айтып беретін әжелер сирек. Әжелер ертегі айтып шаршағанша, теледидарды қосып қойып, сондағы түрлі мультхикаялар мен шетелдік фильмдерді көрсеткенді оң санайды.

5. Әже – отбасының алтын қазығы. Шаңырақтағы қарым-қатынасты реттейді, балаларды мейіріммен, ақылымен өмірге бейімдейді. Әжелер үнемі "арынды аяқ асты етпе, үлкеннің жолын кеспе, біреуді жамандама, бөтен адамның ала жібін аттама" деген сияқты адамгершілікке баулитын сөздерді қайталаудан жалықпайды. Бірақ қазір мұндай әжелер азайып барады. Өйткені бүгінгі ұрпақтың үлкендермен қарым-қатынаста өздерін ұстауы, жаман

қылықтарға жақындығы әже тәрбиесінің жетіспей тұрғанының айқын дәлелі,
– дейді этнограф-ғалымдар.

Әженің маңдайдан емірене сүйіп, бауырына қысып еркелеткеніне
ештеңе жетпейді. Балаларымызды әже мейірімінен айырмайық.

11. 2-бөлім мазмұнына сәйкес әже асық ойыны арқылы балалардың бойына
сіңіруге тырысқан қасиеттердің бірі
- A) тәртіпке бағынуды
 - B) шындықты айтуды
 - C) шебер әңгіме айтуды
 - D) тыңдай білуді
12. 1-бөлімдегі негізгі ой
- A) Баланың іс-әрекеті
 - B) Психоаналитиктің болжамы
 - C) Әженің қонаққа баруы
 - D) Ұлттық тәрбие құндылығы
13. Автордың «Немереме ұлттық тәрбие беруге тырысамын» деуінің себебі
- A) Ауылды жерде өскендіктен
 - B) Белгілі ғалым болғандықтан
 - C) Түрлі кітаптарды көп оқығандықтан
 - D) Әжесінің тәрбиесін көргендіктен
14. Немерелерін ауыз әдебиеті үлгісінде тәрбиелейтін әжелер туралы
айтылған бөлім
- A) 4
 - B) 2
 - C) 3
 - D) 1
15. ... *Жас баланың бойындағы ар-ұяты, адамгершілігі, басқа адамдармен
қарым-қатынасы, мәдениеттілігі отбасынан алынады. Сондықтан
отбасы – бала тәрбиесінің алғашқы ұжымы...*

Р.Айтжанова, Л.Батырбекова «Отбасы тәрбиесі»

Берілген ой мен негізгі мәтіннің үндестігін анықтайтын мақал-мәтел

- A) Жақсы адамға жау жоқ
- B) Отбасы – ошақ қасы
- C) Кең болсаң, кем болмайсың
- D) Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің